



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2021 жылғы 09  
желтоқсандағы шешімімен,  
№19/2021 хаттама, бекітілді**

**Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін  
ажырату және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз  
пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ  
ішкі бақылау қағидалары**

**Нұр-Сұлтан қаласы, 2021**

## **1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер**

1.1. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысына, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Листинг қағидаларына және Ұлыбританияның қаржылық қадағалау басқармасының басшылығындағы ашу және ашықтық қағидаларына, №596/2014 Нарықтық теріс пайдалану туралы регламентке (ЕО), «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілеріне және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Қағидалардың мақсаты ҚМГ инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін, сондай-ақ транспаренттілікті қамтамасыз етуге және ақпаратты ашуға қатысты қолданылатын құқықтық және реттеуші талаптарға сәйкес Қоғамның өз міндеттемелерін сақтауын бақылау қағидаларын, жүйесін белгілеу болып табылады.

1.3. Қағидалар корпоративтік веб-сайтта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылуға жатады, сондай-ақ инсайдерлерге олардың сұрауы бойынша беріледі.

1.4. Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

1.5. Қағидалар заңнамалық базаның оны қабылдау күніндегі талаптарын көрсетеді. Егер заңнаманы өзгерту нәтижесінде Қағидалардың жекелеген тармақтары оған қайшы келсе, бұл тармақтар күшін жояды. Қағидаларға өзгерістер енгізілген сәтке дейін қолданыстағы заңнаманы және реттеушілік талаптарды басшылыққа алу қажет.

1.6. Қағидалар ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

## **2. Қолдану саласы**

Осы Қағидалар ҚМГ инсайдерлік ақпаратын пайдалану кезінде қолданылады және мыналарды:

- 1) инсайдерлік ақпараттың тізбесін;
- 2) инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау тәртібін;
- 3) адамдарды инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдерін және оларды осы тізімнен алып тастау тәртібін, заңнамада және реттеуші талаптарда және Қағидаларда көзделген шектеулер мен міндеттер туралы, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы;
- 4) инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдерін;
- 5) инсайдерлер болып табылатын жекелеген заңды тұлғалардың қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі

бар олардың қызметкерлері туралы ақпаратты ҚМГ-ға ұсыну тәртібі мен мерзімдерін;

б) инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оны пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге де ережелерді қамтиды.

Осы Қағидалар ҚМГ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар барлық тұлғаларға қолданылады.

Қағидалар барлық құрылымдық бөлімшелердің, лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің, сондай-ақ ҚМГ инсайдерлері деп танылған өзге де тұлғалардың қолдануы үшін міндетті болып табылады.

### **3. Анықтамалар мен қысқартулар**

<b>Қаржылық есептілік депозитарийі</b>	- Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ;
<b>Лауазымды тұлға</b>	- 1) заңға, өзге де құқықтық актіге немесе құжатқа байланысты ҚМГ-ның атынан әрекет етуге уәкілетті тұлға; 2) ҚМГ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері.
<b>ҚМГ</b>	- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
<b>Қор</b>	- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
<b>Жабық кезең</b>	- Қағидалардың 5.6-тармағында айқындалған, инсайдерлер болып табылатын жекелеген тұлғаларға ҚМГ бағалы қағаздарымен мәмілелерге тыйым салынатын уақыт кезеңі;
<b>Елеулі әсер</b>	- ҚМГ бағалы қағаздарының және байланысты қаржы құралдарының нарықтық құнына ашылудан туындаған елеулі әсер;
<b>Инсайдерлік ақпарат</b>	- Қоғамға тікелей немесе жанама қатысты және көпшілікке қолжетімді болып табылмайтын, ашылуы Қоғамның бағалы қағаздарының нарықтық құнына және оның тиісті қаржы активтеріне елеулі әсер етуі мүмкін, осы Қағидалардың 4-бөліміне және 1-қосымшасына сәйкес айқындалатын нақты сипаттағы кез келген анық ақпарат;

<b>Корпоративтік веб-сайт</b>	- уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін және интернет желісінде мынадай мекенжайы бар ресми электрондық сайт: <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a> ;
<b>Корпоративтік оқиға</b>	- акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қозғайтын және ашылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ҚМГ қызметіне елеулі әсер ететін оқиға;
<b>Қызметкер</b>	- ҚМГ--мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша тікелей жұмысты орындайтын тұлға;
<b>Басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлға («БФЖТ»)</b>	- Директорлар немесе Басқарма мүшелері болып табылмайтын, бірақ инсайдерлік ақпаратқа тұрақты қол жеткізе алатын және ҚМГ-ның одан әрі дамуы мен іскерлік перспективаларына әсер ететін басқарушылық шешімдер қабылдау үшін өкілеттіктері бар ҚМГ-ның әкімшілік, басшы құрамының мүшелері немесе ҚМГ-ның бас басшылары;
<b>Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау</b>	- бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздарға деген бағаны ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленгеннен жоғары немесе төмен белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағаздармен сауда жасау көрінісін жасауға және (немесе) инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәміле жасауға бағытталған іс-әрекеттері;
<b>Ақпаратты ашу</b>	- Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚМГ Жарғысында, корпоративтік басқару кодексінде және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен, тәсілдермен және нысандарда барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
<b>MAR (Market Rules)</b>	- 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 596/2014 теріс пайдалану туралы Регламент (ЕО)
<b>ҚБРБ</b>	- Қаржылық бақылау және ревизия басқармасы;
<b>ҚҚБ (қаржылық қадағалау Басқармасы)</b>	- Ұлыбританиядағы қаржылық қызметтер саласын реттейтін тәуелсіз үкіметтік емес орган

## **БАҚ**

- бұқаралық ақпарат құралдары (мерзімді баспасөз басылымдары, корпоративтік веб-сайт және т.б.);

## **РИС**

- қаржылық қадағалау Басқармасы бекіткен және қаржылық қадағалау басқармасы жанындағы ақпараттық қызметтер тізбесіне енгізілген қызмет

## **Уәкілетті орган**

- Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

## **ҚМГ қағаздары**

**бағалы** - акциялар, облигациялар, сондай-ақ эмитенті ҚМГ болып табылатын туынды бағалы қағаздар.

## **4. Жауапкершілік**

4.1. ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мыналар үшін жауапты болады:

1) инсайдерлер тізіміне енгізу және инсайдерлер тізімінен шығару үшін комплаенс қызметіне ұсынылатын ақпараттың толықтығы, дұрыстығы және уақтылығы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және ҚМГ-ның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібін, шарттарын және мерзімдерін сақтау.

4.2. Комплаенс қызметі инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуға және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеуге бағытталған төмендегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына жауапты болады:

1) инсайдерлер тізімін құрастыру және уақтылы жаңарту;

2) қор биржаларына және уәкілетті органға инсайдерлер тізімін уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету (олардың сұрау салуы бойынша);

3) адамдарды инсайдерлер тізіміне енгізу туралы, оның ішінде жабық кезең туралы хабардар ету.

4.3. Инсайдерлер инсайдерлік ақпарат және Қағидалар бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

4.4. ҚМГ инсайдерлік ақпаратты пайдаланғаны, жария еткені, таратқаны немесе өзге де өндегені үшін кінәлі инсайдерлерден көрсетілген заңсыз іс-әрекеттермен ҚМГ келтірген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

## **5. Процестің сипаттамасы**

### **5.1. Инсайдерлік ақпарат тізімі**

Осы Қағидаларға №2 нысанда көрсетілген тізбеге енгізілген ақпарат инсайдерлік ақпарат болып табылады және кідіріссіз ашылуға тиіс.

5.1.1. Келесі ақпарат инсайдерлік ақпарат болып табылады:

1) Қоғамға елеулі әсер етуі мүмкін оқиғалар мен мән-жайлардың өзгерістері бойынша ақпарат;

2) қызметтің нәтижелері туралы кез келген кезеңдік есептерді қоса алғанда, Қоғамның өткен немесе ағымдағы уақытта қызметін жүргізу туралы ақпарат, сол сияқты Қоғамның Қоғамға елеулі әсер етуі мүмкін кез келген жоспарларын қоса алғанда, болашақта қызметті жүргізуге қатысты Қоғамның болжамдарындағы өзгерістер туралы ақпарат (Елеулі әсерді айқындау жөніндегі нұсқаулық осы Қағидаларға 3-нысанда жазылған);

3) басынан аяғына дейін барлық кезеңдерде жобалар мен мәмілелер (мұнай-газ активтеріне үлестерді немесе құқықтарды сатып алуға, айырбастауға және иеліктен шығаруға, бірлескен кәсіпорындар мен консорциумдарды құруға немесе тоқтатуға, мұнай-газ активтеріне қатысты мәмілелер бойынша қаржыландыру мен коммерциялық шарттарға қатысты қоса алғанда) және стратегиялық сипаттағы оқиғалар туралы ақпарат.

## **5.2. Инсайдерлерді анықтау. Инсайдерлер тізімін жүргізу және жаңарту тәртібі**

5.2.1. Келесі тұлғалар инсайдерлер болып танылады:

1) БФЖТ және өзінің қызметтік жағдайы мен лауазымдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлер;

2) ҚМГ дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын иеленуіне, пайдалануына және (немесе) билік етуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа тікелей немесе жанама түрде қол жеткізе алатын тұлғалар, сондай-ақ осындай тұлғалардың қызметкерлері;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, қор биржасының кәсіби қатысушылары және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген, жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес ҚМГ қызмет көрсететін басқа да тұлғалар;

4) тізіміне ҚМГ шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

5) сауда жүйесінде ҚМГ бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесінің, қор биржасының листинг комиссиясының және қор биржасының сараптама комитетінің бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған мүшелері жатады;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;

7) ҚМГ және 2) – 4) тармақшаларда көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге орай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдар мүшелері болып табылатын Қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;

8) 2) – 4) және 7) тармақшаларда көрсетілген, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдардың қызметкерлері;

9) 1) – 8) тармақшаларда көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

5.2.2. Инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Комплаенс қызметі Қағидаларға № 1 нысанға сәйкес нысан бойынша осы Қағидалардың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген Инсайдерлердің тізімін жасайды және жүргізеді. Инсайдерлер тізіміне тізімнің екі түрі кіреді:

1) Инсайдерлер тізіміндегі Инсайдерлердің тұрақты бөлімі өз міндеттерін әдеттегі орындау барысында Инсайдерлік ақпаратқа тұрақты қол жеткізе алатын барлық БФЖТ мен Қағидаларға сәйкес қызметкерлерді, ҚМГ консультанттарын немесе мердігерлерін қамтуға тиіс.

2) нақты мәмілеге немесе нақты оқиғаға қатысты Инсайдерлер тізімінің бөлімі – нақты мәселеге қатысты инсайдерлік ақпаратқа арнайы (тұрақты емес) рұқсаты бар Қоғамның барлық қызметкерлерін, ҚМГ консультанттарын немесе мердігерлерін қамтуға тиіс.

5.2.3. Инсайдерлер тізімі жыл сайын қайта қаралуы керек және кез келген жағдайда келесі жағдайларда қажет болған жағдайда уақытылы жаңартылуы керек:

1) Инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаның себебі өзгерген кезде инсайдерлер тізімінде қалады;

2) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын және Инсайдерлер тізіміне енгізілуі керек жаңа адам пайда болған кезде;

3) адам инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді тоқтатқан кезде және инсайдерлер тізімінен шығарылуы мүмкін.

5.2.4. Комплаенс қызметі Инсайдерлер тізімін ол жасалған немесе жаңартылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл бойы сақтауы тиіс.

5.2.5. Қызметкерлер Қағидаларға сәйкес мыналарға құқылы емес:

1) ҚМГ бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге құқылы;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген ҚМГ бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге міндетті.

Уәкілетті органның талабы бойынша Комплаенс қызметі осы талапта көрсетілген мерзімде инсайдерлер тізімін ұсынуды қамтамасыз етеді.

### **5.3. Адамдарды инсайдерлер тізіміне енгізу және тізімнен шығару туралы хабардар ету тәртібі**

5.3.1. Инсайдерлердің инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау мақсатында комплаенс қызметі тиісті тұлғаларды мыналар:

- 1) инсайдерлер, оның ішінде ҚМГ қаржылық есептілігіне рұқсаты бар тұлғалар тізіміне енгізу туралы;
- 2) шектеулер туралы (жеке және заңды тұлғалар үшін);
- 3) заңнамада және Қағидаларда көзделген міндеттер туралы (заңды тұлғалар үшін);
- 4) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы;
- 5) ҚМГ бағалы қағаздарымен жабық кезеңде мәмілелер жасауға тыйым салу туралы жазбаша хабардар етуді қамтамасыз етеді.

5.3.2. Комплаенс қызметі инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаларды олардың инсайдерлер тізіміне енгізілгені (шығарылғаны) туралы, осындай Инсайдерлерге хабарлама жіберу арқылы заңнама мен осы Қағидалардың талаптары туралы хабардар етуі тиіс.

5.3.3. Тұлғаны Инсайдерлер тізіміне енгізу немесе одан шығару туралы хабарламаны комплаенс қызметі ҚМГ /немесе қағаз тасымалдағышта инсайдерлердің пошталық мекенжайына мұндай тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізу немесе оны инсайдерлер тізімінен шығару үшін негіз туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.

5.3.4. Осы Қағидалардың 5.3.2-тармағына сәйкес ҚМГ атынан немесе мүддесі үшін әрекет ететін және осындай қатынастардың нәтижесінде ҚМГ инсайдерлік ақпараты қолжетімді болатын адамдармен азаматтық-құқықтық қатынастар орнатылған кезде көрсетілген тұлғалармен жасалатын шартта аталған тұлғалардың міндеттемелері көзделуге тиіс (i) инсайдерлер тізімін жүргізу және осындай тізімге Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар, оларда еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін немесе инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар немесе инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар міндеттерді өзге түрде орындайтын барлық тұлғаларды, (ii) өздерінің инсайдерлер тізіміне осындай тұлғалар қосқан кез келген жұмыскерлер немесе басқа да қызметкерлер туралы тізімге енгізу/шығару туралы ҚМГ-ға хабарлауға, (iii) өздерінің инсайдерлер тізіміне енгізілген кез келген тұлғаның өзінің құқықтық және нормативтік міндеттерін жазбаша нысанда растағанына және инсайдерлік мәмілелерге және инсайдерлік ақпаратты заңсыз жария етуге қолданылатын санкциялар туралы хабардар етілгеніне, сондай-ақ (iv) уәкілетті органдардың талап етуі бойынша өзінің инсайдерлер тізімдерін қысқа мерзімде беруге және (v) осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ҚМГ инсайдерлерінің өз тізімінің көшірмелерін ұсынуға тиіс.

#### **5.4. Инсайдерлердің міндеттері. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету. Инсайдерлер үшін шектеулер**

5.4.1. Инсайдерлік ақпарат ашылғанға дейін құпия болып табылады.

5.4.2. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

- 1) өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін осы ақпарат талап етілмейтін ҚМГ-ның өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғалар



тарапынан инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді шектеу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті;

2) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар тұлға мәртебесін жоғалтқан кезде қағаз және электрондық тасығыштарда инсайдерлік ақпараты бар, оның иелігіндегі барлық ақпарат тасығыштарды тікелей басшыға беру, бұл ретте ҚМГ-ның ұйымдастыру техникасы мен өзге де мүлкі ҚМГ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен беріледі.

5.4.2. ҚМГ қызметкерлері өздеріне белгілі болған кез келген мынадай:

1) лауазымдық міндеттеріне сәйкес ашуға жатпайтын, бірақ оларға үшінші тұлғалардан белгілі болған ҚМГ-ның инсайдерлік ақпараты туралы;

2) инсайдерлік ақпаратқа құқығы жоқ тұлғалардың қол жетімділігі туралы;

3) ҚМГ инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалану, оның ішінде ҚМГ инсайдерлік ақпаратын ҚМГ қызметкерлерінің, ҚМГ инсайдерлерінің, ҚМГ серіктестерінің өз мүдделерінде, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалардың кез келген туыстарының мүдделерінде пайдалану туралы фактілерді өздерінің тікелей басшылары мен комплаенс қызметінің назарына дереу жеткізуге міндетті.

5.4.3. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасығыштарды) жоғалту қаупі немесе фактісі анықталған кезде инсайдер – ҚМГ қызметкері өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті, ол өз кезегінде бұл туралы комплаенс қызметіне дереу хабарлайды.

5.4.4. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ҚМГ қызметкерлері инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алмайтын адамдардың қатысуымен инсайдерлік ақпаратқа қатысты талқылауды жүргізбеуі тиіс.

5.4.5. ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің инсайдерлік ақпараттың тиісті құпиялылық режимін сақтауы үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларды ҚМГ қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) еңбек және азаматтық-құқықтық шарттардағы тиісті талаптар;

2) ақпаратты жоғалтудан және/немесе оған рұқсатсыз, оның ішінде байланыс арналары арқылы қол жеткізуден сақтайтын Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғаудың ақпараттық-техникалық жүйелері мен құралдарының болуы;

3) басқа да орынды шаралар.

5.4.6. Өз қызметінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын ҚМГ құрылымдық бөлімшелері инсайдерлік ақпараттың тиісті құпиялылық режимін қамтамасыз ететін жағдайларда инсайдерлік ақпаратты сақтауды жүзеге асыруға тиіс.

5.4.7. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығы жоқ, бірақ оған іс жүзінде қол жеткізген адамдар:

1) онымен танысуды тоқтатуға;

2) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша толық шаралар қабылдауға;

3) инсайдерлік ақпаратты тарату немесе ұсыну мүмкіндігін болдырмауға міндетті.

5.4.8. ҚМГ басқа жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидаларда және ҚМГ-ның өзге ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен құпия және инсайдерлік ақпаратты қорғауды жүзеге асырады.

5.4.9. ҚМГ құпия ақпаратына үшінші тұлғаларға құпиялылық және/немесе ҚМГ қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ заңнама талаптарын сақтау мақсаттары үшін тиісті келісім жасау шарттарында рұқсат берілуі мүмкін.

## **5.5. Инсайдерлер болып табылатын жекелеген заңды тұлғалардың міндеттері**

Қағидалардың 5.2.1-тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар:

1) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай ҚМГ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) осы заңды тұлғалар өздеріне қатысты танылған инсайдерлердің инсайдерлік ақпаратты пайдалануына тыйым салу бөлігінде заңнаманың талаптары туралы өз жұмыскерлерін хабардар етуге;

3) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған ҚМГ-ны өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы хабардар етуге міндетті.

## **5.6. Жабық кезең. Тыйым салу кезеңінің басталу және аяқталу күні туралы инсайдерлерді хабардар ету тәртібі. Тыйым салу кезеңінде ҚМГ бағалы қағаздарымен мәмілелер**

5.6.1. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауды, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып айла-шарғы жасауды болдырмау мақсатында ҚМГ жабық кезең белгіленеді.

Жабық кезең деп:

1) тиісті қаржы жылының аяғынан бастап ҚМГ-ның қаржылық нәтижелері туралы алдын ала хабарлама шығарылғанға дейінгі немесе мұндай алдын ала хабарлама болмаған жағдайларда, жыл сайынғы қаржылық есеп жарияланғанға дейінгі кезең немесе егер ол ұзақ болса, осындай шығарылымға дейін күнтізбелік 30 күнге созылатын кезең;

2) тиісті қаржы жартыжылдық аяғынан бастап ҚМГ жартыжылдық қаржылық есепті шығарғанға дейінгі кезең немесе егер ол ұзақ болса, осындай шығарғанға дейін күнтізбелік 30 күн ұзақтықтағы кезең;

3) бірінші және үшінші тоқсан үшін әрбір тоқсандық есепті ҚМГ шығарғанға дейін ұзақтығы 30 күнтізбелік күн немесе осы Қағидалардың 5.6.3-тармағына сәйкес ҚМГ белгілеген кез келген басқа кезең түсініледі.

5.6.2. БФЖТ және инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар ҚМГ қызметкерлеріне осы кезеңде ҚМГ-ның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға тыйым салынады.

5.6.3. ҚМГ тыйым салудың арнайы кезеңін белгілей алады. Арнайы тыйым салу кезеңдерінің басталу күні мен аяқталу күні туралы хабарландыруды ҚМГ органының инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге қалдыру туралы шешімдерінің негізінде және кейінге қалдыру туралы өтініш (holding announcement) жасалмаған кезде Комплаенс қызметі жібереді.

## **5.7. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері**

5.7.1. ҚМГ инсайдерлік ақпаратын ашу Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚМГ Жарғысында, Қағидаларда және ҚМГ-ның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, шарттарда және мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.7.2. Инсайдерлік ақпаратты келесі жолдармен ашуға болады:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
- 2) корпоративтік веб-сайтта орналастыру <http://www.kmg.kz>;
- 3) Қоғамның корпоративтік газетіне орналастыру;
- 4) ҚМГ ресми аккаунттарының беттерінде әлеуметтік желілерде орналастыру;
- 5) ҚМГ уәкілетті тұлғаларының мүдделі тұлғалармен сұхбаттары, баспасөз конференциялары және кездесулері;
- 6) инвесторлардың, талдаушылардың және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ҚМГ-ға баруын ұйымдастыру.

5.7.3. ҚМГ өзінің акционерлері мен инвесторларына корпоративтік оқиғалар туралы, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және ҚМГ қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, қолданылатын листингтік талаптарда және ҚМГ Жарғысында, осы Қағидаларда және ҚМГ-ның басқа да ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен, мерзімде, көлемде, нысан бойынша және тәсілдермен жеткізеді.

Ашу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қағидаларында айқындалмаған өзге инсайдерлік ақпарат, егер мұндай ақпаратты заңсыз тарату немесе жария ету ҚМГ бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне немесе оның қызметіне ықпал етсе, ҚМГ-ның қысқа мерзімде ашылуына жатады.

## **5.8. Инсайдерлер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалардың бұзығанын анықтаған кездегі ден қою шаралары**

Инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қағидаларды бұзығанын анықтаған кезде ҚМГ-да мынадай шаралар қолданылуы мүмкін (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):

1) кінәлі тұлғаларды немесе инсайдерлік ақпараттың шығу көзін анықтау мақсатында қызметтік тергеу жүргізу;

2) Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілені тану мақсатында ҚМГ бағалы қағаздарымен мәміле туралы ақпаратты уәкілетті органға жіберу;

3) олар ҚМГ-ның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда тәртіптік жазаға тарту;

4) инсайдердің іс-әрекеттерімен ҚМГ келтірген материалдық нұқсанды және/немесе іскерлік беделге келтірілген зиянды өтеу бойынша;

5) өзге де жол берілетін шаралар.

## 6. Процесс өлшемшарты

ҚМГ-да инсайдерлердің өзекті тізімінің болуы және олар туралы мәліметтерді уәкілетті органға және қор биржаларына уақтылы ұсыну (олардың сұратуы бойынша).

## 7. Құжаттарға сілтеме

2003 жылғы 13 мамыр № 415-П	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2003 жылғы 2 июль шілде № 461-П	«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
«ҚМГ» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 12.06.2012 ж. шешімі (№26/12 хаттама), толықтырулар ҚМГ» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 31.07.2013 ж. шешімімен енгізілді (№41/13 хаттама)	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысы
2001 жылғы 1 желтоқсан	2000 жылғы Қаржылық қызметтер мен нарықтар туралы акт (қаржылық қадағалау басқармасының басшылығындағы ақпаратты ашу және ашықтық қағидаларын қоса алғанда)
2000 жылғы 14 маусым	Қаржылық қадағалау басқармасының басшылығындағы листинг қағидалары (Ұлыбритания)
2014 жылғы 16 сәуір	№ 596/2014 Нарықтық теріс пайдалану туралы регламент (ЕО)
2016 жылғы 17 мамыр	Комиссияның № 2016/960 Делегатталған регламенті (ЕО);
2016 жылғы 17 мамыр	Комиссияның № 2016/959 Атқарушы регламенті (ЕО);

2017 жылғы 17 қазан № FR0003

Астана халықаралық қаржы орталығының нарықтық теріс пайдаланушылықтары туралы қағидалар (AIFC Market Rules).

## № 1 нысан

### ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІ – 1-ҮЛГІ

**Инсайдерлер тізіміндегі тұрақты инсайдерлер бөлімі**

**Күні мен уақыты (тұрақты инсайдерлер бөлімін құру):** [жжжж-аа-кк, сс: мм UTC]

**Күні мен уақыты (соңғы жаңарту):** [жжжж-аа-кк, сс: мм UTC]

**Құзыретті органға беру күні:** [жжжж-аа-кк]

Инсайдердің аты (тары)	Инсайдердің тегі (ктері)	Инсайдердің туған кездегі тегі (ктері) (егер өзгеше болса)	Жұмыс телефонының нөмірі (лері) (тікелей нөмірі және жұмыс ұялы нөмірлері)	Компанияның атауы және заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың мекенжайы, деректемелері	Инсайдерлер тізіміне енгізу себебі (негізі) және лауазымы	Енгізілді (Адам тұрақты инсайдерлер бөліміне енгізілген күн мен уақыт)	Туған күні	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі (егер қолданылса)	Жеке телефон нөмірлері (үй және жеке ұялы телефон нөмірлері)	Жеке толық үй мекенжайы (Көше атауы, көше нөмірі, қала, пошта индексі; ел)	Инсайдерлер тізімінен шығару күні
[Мәтін]	[Мәтін]	[Мәтін]	[Нөмірлер (бос орынсыз)]	«ҚазМұнай Газ» ҰК АҚ Мекенжай: [ ]	[Рөл, лауазым және тізімге енгізу себебін сипаттайтын мәтін]	[жжжж-аа-кк, сс:мм UTC]	[жжжж-аа-кк]	[Нөмір және/немесе мәтін]	[Нөмірлер (бос орынсыз)]	[Мәтін: Инсайдердің толық жеке мекенжайы Көшенің атауы мен нөмірі Қаласы Пошта индексі - Ел]	

## ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІ – 2-ҮЛГІ

**Инсайдерлер тізімі: қатысты бөлім [нақты мәмілеге немесе оқиғаға қатысты инсайдерлік ақпараттың атауы]**

**Күні мен уақыты (инсайдерлер тізімінің осы бөлімін құру, яғни Инсайдерлік ақпарат анықталған кезде): [ЖЖЖЖ-мм-кк; сағ: мм]**

**Күні мен уақыты (соңғы жаңарту): [жжжж-аа-кк, сс: мм UTC]**

**Құзыретті органға беру күні: [жжжж-аа-кк]**

Инсайдердің аты (тары)	Инсайдердің тегі (ктері)	Инсайдердің туған кездегі тегі(ктері) (егер өзгеше болса)	Жұмыс телефонының нөмірі (лері) (тікелей нөмірі және жұмыс ұялы нөмірлері)	Компанияның атауы және заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың мекенжайы, деректемелері	Инсайдерлер тізіміне енгізу себебі (негізі) және лауазымы	Алынды (Адам инсайдерлік ақпаратқа рұқсат алған күн мен уақыт)	Туған күні	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі (егер қолданылса)	Жеке телефон нөмірлері (үй және жеке ұялы телефон нөмірлері)	Жеке толық үй мекенжайы (Көше атауы, көшенөмірі, қала, пошта индексі; ел)	Инсайдерлер тізіміне шығару күні	Қосылды (Адам тұрақты инсайдерлер бөліміне енгізілген күн мен уақыт)
[Мәтін]	[Мәтін]	[Мәтін]	[Нөмірлер (бос орынсыз)]	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мекенжайы: [ ]	[Рөл, лауазым және тізімге енгізу себебін сипаттайтын мәтін]	[жжжж-аа-кк, сс:мм UTC]	[жжжж-аа-кк, сс:мм UTC]	[жжжж-аа-кк]	[Нөмір және/немесе мәтін]	[Нөмірлер (бос орынсыз)]	[Мәтін: Инсайдердің толық жеке мекенжайы Көшенің атауы мен нөмірі Қаласы Пошта индексі - Ел]	

## Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

Нұсқаулықтан сілтеме УФКР / MAR	Мәселе
1.	<b>БФЖТ-ға қатысты ақпаратты ашу бойынша міндеттемелер</b>
1.1	<b>Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер</b>
LR 9.6.11	Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістерді-шешім қабылданған күннен кейінгі жұмыс күні аяқталғаннан кешіктірмей немесе дереу хабардар ету
	(a) Жаңа Директорды тағайындау, отставкаға кету, зейнетке шығу немесе бар директорды қызметінен босату. Шешімнің күшіне енген күнін, сондай-ақ адамның атқарушы директор немесе атқарушы емес директор болып табылатындығын көрсету қажет; және
	(b) Директордың рөліндегі, функцияларындағы немесе жауапкершілігіндегі елеулі өзгерістер.
LR 9.6.13	Жаңа Директорлар – оны тағайындау туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етуі тиіс:
	Осы Директордың Директорлар кеңесіне соңғы бес жыл ішінде кез келген уақытта акциялары биржада сатылатын кез-келген басқа компаниядағы барлық тағайындаулар туралы ақпарат, осы директордың әлі күнге дейін Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатындығын көрсетеді. сондай-ақ өтелмеген соттылықтардың болуы немесе болмауы туралы , банкроттық туралы істер бойынша кез келген іс жүргізу туралы, дәрменсіз борышкердің мүлкін басқару туралы, кез келген мәжбүрлеп тарату туралы, директордың атына Қоғамдық сынның болуы немесе болмауы туралы ақпаратты (тағайындалған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде), дисквалификация туралы мәліметтерді және т.б. ұсынады.
LR 9.6.14	Директорлар туралы мәліметтердің өзгеруі туралы мүмкіндігінше тез хабарлау.



<b>1.2 Акциялармен жасалатын мәмілелер</b>	
MAR 19(1) тармақ	Басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғалар және байланысты тұлғалар Қоғамның бағалы қағаздарымен немесе оның қаржылық және/немесе борыштық құралдарымен жасалған әрбір мәміле туралы Қоғамды және ҚҚБ-ны хабардар етуге тиіс;
MAR 19(1) тармақ	Басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғалар мен байланысты тұлғалар Қоғамға ашқан мәмілелер туралы Қоғам хабарлама алған кезден бастап жұмыс күнінің аяқталуынан кешіктірмей Қоғамға РИС-ті дереу хабардар етсін
<b>2. Акционерлерге қатысты ақпаратты ашу және акционерлермен байланыс</b>	
<b>2.1 Акционерлердің мүдделері</b>	
DTR 5.8.12R	Акциялардың ірі пакетін сатып алу немесе иеліктен шығару туралы хабарлама алғаннан кейінгі үшінші биржалық күннің аяқталуынан кешіктірмей дереу хабардар ету.
<b>2.2 Құрылтайшылардың шешімдері туралы хабарлама</b>	
LR 9.6.18	Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған әдеттегі қызметке қатысты шешімдерден басқа, акционерлердің жалпы жиналысында Қоғам қабылдаған барлық шешімдер туралы дереу хабардар ету.
DTR 6.1.12R	Акционерлерге жиналыстың уақыты, орны және күн тәртібі, акциялардың жалпы саны, дауыс беру құқығы және ұстаушылардың жиналыстарға қатысу құқықтары туралы ақпарат беріңіз.
DTR 6.1.13R	Дивидендтерді бөлу және төлеу және жаңа акцияларды шығару туралы хабарламаны жариялау немесе тарату, оның ішінде бөлу, жазылу, жою және айырбастау туралы кез келген келісімдер туралы ақпарат
<b>3. Қоғамның деректеріне және акционерлік капиталдың құрылымына қатысты ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелер</b>	
<b>3.1 Қоғамның деректері</b>	
LR 9.2.11	Листинг ережелеріне және ҚҚБ басшылығындағы ақпаратты ашу ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін комплаенс қызметіне деректер туралы, сондай-ақ осындай мәліметтердің кез келген өзгерістері туралы ҚҚБ-ға хабарлауға
LR 9.6.19	РИС және ҚНҚ Қоғамның атауындағы кез келген өзгерістер туралы (атаудың өзгеруінің күшіне ену күнін көрсете отырып) жазбаша түрде дереу хабардар етілуге тиіс.
<b>3.2 Акционерлік капиталдың құрылымы</b>	
LR 9.6.4	Капитал құрылымына қатысты мәселелер, соның ішінде миыналар тез арада назарға жеткізілуге тиіс:
(1)	Капитал құрылымындағы ұсынылатын өзгерістер, оның ішінде Қоғамның белгіленген борыштық бағалы қағаздарын құрылымдау (кешіктіру сауда немесе қол қою процесінде болуы мүмкін)

	(3)	Қоғамның сатып алынатын бағалы қағаздарының санын және сатып алғаннан кейін Қоғамның тиісті сыныбының Бағалы қағаздарының санын көрсете отырып, Қоғамның баға белгіленетін акцияларын сатып алу;
	(4)	Уақытша құқық белгілейтін құжаттың мерзіміне берілген уақыттың кез келген кейінге қалдырылуы; және
	(6)	Жаңа акциялар, эмиссиялық бағалы қағаздар шығару немесе қолда бар эмиссиялық бағалы қағаздарды жария орналастыру туралы есеп
DTR 6.1.9R		Осындай акцияларға рұқсат беретін Қоғам шығарған акциялардың немесе деривативтердің кез келген сыныбы бойынша құқықтардың кез келген өзгерістері туралы ақпаратты кідіріссіз ашу.
DTR 6.1.12R		Акцияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарына қатысты қандай да бір өзгерістерді, сондай-ақ осы құқықтарға, атап айтқанда, қарыз шарттарының немесе бағалы қағаздардың пайыздық ставкаларының өзгеруі нәтижесінде жанама әсер етуі мүмкін осындай бағалы қағаздардың шарттары мен ережелеріндегі өзгерістерді кешіктірмей
<b>4. Дивидендтерге қатысты ақпаратты ашу бойынша міндеттемелер</b>		
LR 9.7A.2		Директорлар кеңесінің биржада белгіленген бағалы қағаздар бойынша кез келген дивидендтерді төлеуге немесе кез келген дивидендтерді ұстап қалуға немесе дивидендтерді төлеуге қатысты кез келген шешімі туралы хабарламада акция үшін төленетін нақты таза сомаға, төлем күніне, тізілімді жабу күніне (қолданылатын жерде) қатысты егжей-тегжейлі мәліметтер және неғұрлым төмен мөлшерлеме бойынша төленген және төленуге жатпайтын кез келген табыс салығымен бірге шетелдік кірістерден алынатын
<b>5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына және жылдық есеп пен қаржылық есепке қатысты ақпаратты ашу бойынша міндеттемелер</b>		
<b>5.1 Жылдық есеп және қаржылық есептілік</b>		
DTR 4.1.3		Жылдық қаржылық есеп қаржы жылы аяқталғаннан бастап 4 ай ішінде шығарылуы тиіс.

## **Қоғамның бағалы қағаздарының бағасына елеулі әсерін анықтау жөніндегі нұсқаулық**

Ашылған жағдайда ҚМГ бағалы қағаздарының құнына елеулі әсер етуі мүмкін ақпарат – бұл ақылға қонымды инвестордың инвестициялар туралы шешім қабылдауы үшін факторлардың бірі болып табылатын ақпарат.

ҚМГ бағалы қағаздарының нарықтық бағасына Елеулі әсерді айқындау кезінде ақпараттың өзінің сипатын, ҚМГ Бағалы қағаздарының құбылмалылығын және нарықтағы басым жағдайларды қоса алғанда, мынадай факторлар назарға алынуға тиіс.

Мынадай факторлар ҚМГ бағалы қағаздарының нарықтық бағасына елеулі әсерін айқындау кезінде назарға алынуы мүмкін, егер:

- түрі бойынша ақпарат бұрын ҚМГ бағалы қағаздарының бағасына айтарлықтай әсер еткен ақпарат сияқты болып табылады;
- талдаушылардың алдын ала есебі мен қорытындылары талқыланатын ақпарат түрі ҚМГ бағалы қағаздарының бағасына ықпал етуге қабілетті болып табылатынын көрсетеді; және
- Қоғамның өзі бұрын ұқсас оқиғаларды инсайдерлік ақпарат ретінде жіктеген.

Ағымдағы мониторинг және әртүрлі ақпаратты ашуға нарықтық реакцияны бағалау болашақта маңызды әсерді анықтау туралы шешім қабылдаған кезде де орынды болады.

Төменде әрбір жекелеген жағдайда ҚМГ бағалы қағаздарының бағасына елеулі әсер етуі мүмкін нақты немесе болжамды оқиғалардың немесе ақпараттың мысалдары келтірілген. Бұл тізім толық болып табылмайды.

### **Қоғам құрылымындағы өзгерістер**

ҚМГ-ны бақылауға әсер етуі мүмкін акцияларға меншік құқығындағы өзгерістер

Ірі қайта құрулар, бірігу және қосып алу

Барлық акционерлік капиталды сатып алу жөніндегі мәмілелер, эмиссия жөніндегі мәмілелер немесе Инсайдерлер жасаған мәмілелер.

### **Капитал құрылымындағы өзгерістер**

Қосымша бағалы қағаздарды сату

Жоспарланған кері сатып алу немесе меншікті бағалы қағаздарды сатып алу

Акцияларды немесе бағалы қағаздарды сатып алуға құқықтарды жоспарланған бөлшектеу

Бағалы қағаздарды кез келген шоғырландыру, бағалы қағаздарды айырбастау немесе дивидендтері бар акциялар немесе бөлу

ҚМГ дивидендтерін төлеудегі өзгерістер (егер қолданылса) немесе ҚМГ саясаты

Бағалы қағаздарды ұстаушылар құқықтарының елеулі өзгерістері

### **Қаржылық нәтижелердің өзгеруі**

Кез келген кезеңдегі қаржылық нәтижелердің күтпеген өзгерістері

Қолма-қол ақша ағындарының азаюы, активтерді ірі есептен шығару және олардың құны сияқты қаржылық жағдайлардағы өзгерістер

ҚМГ активтерінің құнындағы немесе құрамындағы өзгерістер

ҚМГ бухгалтерлік есеп қағидаттарындағы кез келген елеулі өзгерістер

### **Істерді жүргізудегі және қызметті жүзеге асырудағы өзгерістер**

Капиталды инвестициялау жоспарларындағы немесе корпоративтік мақсаттардағы елеулі өзгерістер

Ірі еңбек даулары немесе ірі мердігерлермен немесе жеткізушілермен даулар

Ірі жаңа келісімшарттар немесе ірі келісімшарттардың шығындары

Директордың, қаржы директорының (Басқарма төрағасы орынбасарының) немесе Төрағаның (немесе тең лауазымдарды атқаратын адамдардың) отставкасын қоса алғанда, Директорлар кеңесінің немесе жоғары басшылықтың құрамындағы өзгерістер

Елеулі сот процестерінің немесе құқықтық реттеу мәселелерінің басталуы немесе дамуы

Директорлар, басшылар және басқа да негізгі қызметкерлер үшін корпоративтік этика мен мінез-құлық ережелерінен бас тарту

Өткен аудиттің деректеріне сенуге болмайтындығы туралы кез-келген хабарлама

ҚМГ бағалы қағаздарын баға кесу тізімінен шығару немесе оларды айырбастаудың немесе баға белгілеудің бір жүйесінен екіншісіне ауыстыру

Басқаруға арналған кез келген келісімшартты, инвесторлармен өзара қарым-қатынастар туралы келісімшартты, қызметті әдеттегі жүзеге асыру шеңберінен шығатын қызметтерді көрсету туралы келісімшартты немесе үлестес тұлғалар арасындағы мәмілені жасасу туралы кез келген ауызша не жазбаша келісім.

### **Сатып алу және иеліктен шығару**

Бірлескен кәсіпорындағы активтерді, мүлікті немесе қатысу үлестерін елеулі сатып алу немесе иеліктен шығару

Барлық акционерлік капиталды сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоса алғанда, басқа компанияларды сатып алу немесе басқа компаниямен біріктіру

### **Кредиттік келісімдердегі өзгерістер**

Қомақты ақша сомаларының қарызы немесе несие

ҚМГ активтерін кепілге немесе ауыртпалық салуға кез келген тапсыру

Борыштық міндеттемелер бойынша міндеттемелерді, борышты қайта құрылымдау жөніндегі келісімдерді немесе борышты қайта құрылымдау бойынша мәжбүрлеп орындатудың жоспарланған рәсімдерін немесе банктің немесе басқа кредиторлардың мәжбүрлеп орындатуының жоспарланған рәсімдерін орындамау

Рейтингтік агенттіктің шешімдеріндегі өзгерістер

Ірі жаңа кредиттік келісімдер

### **Басқа**

ҚМГ ісін жүргізуге жататын, ҚМГ-ның нарықтық бағасына немесе кез келген бағалы қағазының құнына елеулі әсер ету үшін негізді түрде негіз бере алатын немесе инвесторлардың инвестицияларға қатысты негізделген шешімдеріне елеулі әсер ету үшін негізді негіз бере алатын кез келген басқа құбылыстар мен оқиғалар.